

**Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту және "Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 мамырдағы № 549 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 21 қарашадағы № 934 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 21.11.2015 № 934 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

### **РҚАО-ның ескертпесі.**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығын қараңыз.

### **Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз.**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қ о с а б е р і л і п о т ы р ғ а н :

1) «Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

2) «Білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

3) «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

4) «Қазақ тілін білу деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты;

5) «Білім беру қызметіне лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. «Білім беру қызметін лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 195 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 18, 311-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарында және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесінде:

«1. Бастауыш білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген кіші бөлімде: реттік нөмірлері 4, 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

4.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензияның мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ні пайдалана отырып тексерілед Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды
5.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды
6.	Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	<p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері</p>	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оны техникалық сипаттамасы турал ақпарат деректерді Жылжымайтын мүлік тіркелім МДҚ АЖ-дан алуға болға жағдайда ұсынылмайд Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды

»;

«2. Негізгі орта білімнің, жалпы орта білімнің білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген к і ш і б ө л і м д е :

реттік нөмірлері 4, 5, 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

4.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензияның мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-ні пайдалана отырып тексерілед Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
5.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
6.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	<p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері</p>	<p>Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оны техникалық сипаттамасы тура ақпарат деректерді Жылжымайтын мүлік тіркелім МДҚ АЖ-дан алуға болға жағдайда ұсынылмайды.</p> <p>Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды</p>
7.	Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жаракталуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жаракталуы туралы біліктілі талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелеріні жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды

»;

«3. Техникалық және кәсіптік білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:  
реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жаракталуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жаракталуы туралы біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
----	--	---	--

»;

реттік нөмірлері 8, 9 және 10-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

8.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензияның мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-н пайдалана отырып тексеріле Біліктілік талаптары Қазақст Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
9.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Біліктілік талаптары Қазақст Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
10.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оны техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді Жылжымайтын мүлік тіркеліп МДҚ АЖ-дан алуға болға жағдайда ұсынылмайд Біліктілік талаптары Қазақст Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім беу ұйымдарына қолданылмайды
		Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	

»;

«4. Орта білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

5.	Интернет желісіне қосылған, компьютерлік сыныптармен, оқу-зертхана жабдықтарымен, оқу пәндерінің кабинеттерімен жаракталуы	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы ақпарат қамтылған, оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Интернет желісіне қосылған компьютерлік сыныптармен жаракталуы туралы біліктілі талаптары Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды.
----	--	---	---

»;

реттік нөмірлері 7, 8 және 9-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

7.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензияның мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-н пайдалана отырып тексеріле Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды
8.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды
9.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін, меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	<p>Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базасы мен техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері</p>	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оны техникалық сипаттамасы тура ақпарат деректерді Жылжымайтын мүлік тіркелім МДҚ АЖ-дан алуға болға жағдайда ұсынылмайд Біліктілік талаптары Қазақста Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқар жүйесінің түзеу мекемелерінің жанында орналасқан білім бе ұйымдарына қолданылмайды

»;

«5. Рухани білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірлері 2 және 3-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	Бейінді пәндер бойынша жоғары рухани білімі және жалпы білім беретін пәндер бойынша жоғары білімі бар штаттағы оқытушылардың болуы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасакталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
3.	Білім алушылар контингентіне шаққанда бір білім алушыға толық оқу цикліне дінтану сараптамасынан өткен, саны кемінде 50 бірлік басылымнан келетін оқу әдебиеті қорының болуы, оның ішінде цифрлық жеткізгіштерде - оқу жоспарының кемінде 20 %	<p>Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу- әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Оқу жоспарына сәйкес және дінтану сараптамасынан өткен оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің оқу әдебиеті қорына берілген дінтану сараптамасының оң қорытындысының көшірмесі</p>	

»;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

7.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
----	---	--	--

»;

«6. Жоғары білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 1-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірлері 3 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

	Ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері, ұлттық жоғары оқу орындары, университеттер , академиялар үшін – сұратылып отырған мамандыққа сәйкес ғылыми-зерттеу және педагогикалық қызмет жүргізу, кадрлардың	<p>Білім беру ұйымының ғылыми-зерттеу және педагогикалық жұмыстары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p> <p>Оқытатын пәндер бейініне сәйкес соңғы үш жылда өткен курстары,</p>	
--	---	--	--

3.	біліктілігін арттыру және қайта даярлау; институттар (консерваториялар, жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін – педагогикалық қызмет, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау	пәндері, орны мен уақыты көрсетіле отырып, біліктілігін арттыру туралы ақпаратты қамтитын кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
4.	Мемлекеттік білім беру тапсырыстары бойынша бағдарламаларды іске асыратын мемлекеттік жоғары оқу орындары үшін: бір оқытушыға есептегенде студенттер контингентінің сәйкестігі – 8:1 медициналық жоғары оқу орындары үшін – 6:1 аспайды («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа)	Сұратылып отырған мамандыққа алдын ала контингент туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	

»;

реттік нөмірлері 6 және 7-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

6.	<p>Ғылыми дәрежелері және атақтары бар, оның ішінде мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының базалық және бейінді пәндер циклі бойынша оқытушылардың штаттағы оқытушылар қатарындағы үлесі ұлттық зерттеу университеттері, зерттеу университеттері үшін кемінде 70%; ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%; университеттер, академиялар үшін кемінде 50%; институттар (жоғары мектептер, жоғары училищелер) үшін кемінде 45% ; педагогикалық институттар үшін кемінде 50% ; «Өнер» мамандықтарының тобы үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақ иелері және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар кемінде 35% ; денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина) мамандықтарының тобы бойынша ұлттық жоғары оқу орындары үшін кемінде 55%, университеттер, академиялар үшін кемінде 50%, соның ішінде-кемінде 10% жоғарғы дәрігерлік санаты бар, резидентураны бітірген оқытушылар; Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық</p>	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
----	--	---	--

	<p>кылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежесі мен атағы бар оқытушылар үлесі, әскери атағы полковниктен төмен болмағанда, «спорт шебері» және одан жоғары атағы болған жағдайда кемінде 40%</p>		
		<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p>	
<p>7.</p>	<p>Жұмыс оқу жоспарына сәйкес толық оқу циклін қамтитын оқу және ғылыми әдебиет қорының болуы. Бұл ретте қазақ және орыс тілдеріндегі басылымдар оқыту тілдері бойынша білім алушылар контингентіне барабар бо лу ы т и і с .</p> <p>К і т а п х а н а қ о р ы</p> <p>элеуметтік-гуманитарлық бейіндегі пәндер бойынша соңғы 5 жылда; жаратылыстану, техникалық, ауыл шаруашылығы пәндері бойынша соңғы 10 жылда басылып шығарылған негізгі оқу әдебиетін қамтуы тиіс. Мамандықтың («Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа) оқу жоспарының базалық және бейінді пәндерінің цифрлық жеткізгіштердегі оқу әдебиетімен қамтамасыз етілуі 40%-дан кем болмауы. Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары арасында электрондық кітапханамен шарттарының болуы</p>	<p>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған оқу жоспарына және оқу әдебиеті тізбесіне сәйкес оқу әдебиетінің тізбесін қамтитын цифрлық жеткізгіштердегі оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)</p>	



		Басқа кітапхана және ғылыми қорларымен, оның ішінде республикалық жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапханамен шарттардың көшірмелері	
--	--	--	--

»;

реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

11.	«Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлы қ жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша)	
-----	---	---	--

»;

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

13.	Әр оқу корпусында білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
-----	---	--	--

»;

«7. «Магистр» академиялық дәрежесін бере отырып жоғары білімнен кейінгі кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

		Мамандыққа сәйкес бакалавриат мамандығы бойынша лицензияның бар болуы туралы мәліметтер нысаны (осы	
--	--	---	--

2.

Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру; педагогикалық мамандықтар үшін қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу

біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)

Қазіргі заманғы педагогикалық оқу технологиялары саласында ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік

Лицензиялардың мәртеб

	талаптарына 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Е-лицензиялау» МДҚ АЭ пайдалана отырып тексер
--	--	---

»;

реттік нөмірлері 4, 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

4.	Тиісті даярлау бағыттары бойынша ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы	Ғылыми, ғылыми-білім беру, өндірістік және ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің көшірмелері	Шетел тілінде жасалған келісімдер мен/немесе шартты ұсынылған жағдайда, оларды мемлекеттік немесе орыс тілі аударылып, нотариалды расталған нұсқасының қос берілуі талап етіледі.
5.	Тиісті мамандық бойынша штатта ғылым докторының немесе екі философия (PhD) докторының болуы; «Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобы үшін – ғылым докторының немесе философия (PhD) докторының болуы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
6.	Ғылыми дәрежелері және атақтары бар штаттағы оқытушылар үлесі оқытушылар санының кемінде 70%-ы ; «Өнер» мамандықтарының тобы үшін ғылыми дәрежелері, сондай-ақ құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары бар оқытушылар үлесі кемінде 60 % ; Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар, әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі кемінде 60%	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	

» ;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

--	--	--	--

8.	«Әскери іс және қауіпсіздік» мамандықтарының тобынан басқа, ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша)	
----	--	---	--

» ;

реттік нөмірі 15-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

15.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
-----	---	--	--

» ;

«8. Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын (резидентура) білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	Кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық, кемінде 5 жыл клиникалық жұмыс өтілі бар, даярлық бейіні бойынша отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық конференциялардың еңбектерінде ғылыми жарияланымдары, оқу құралдарының авторы болып табылатын даярлық бейіні бойынша штатта кемінде екі ғылыми дәрежелі маманның немесе ғылыми дәрежелі бір маманның және жоғары дәрігерлік санаты бар бір маманның болуы	Тиісті мамандықтар бойынша жұмыс өтілі, ғылыми жарияланымдары мен оқу құралдары көрсетілген ғылыми жетекшілер туралы ақпараттарды қамтитын ғылыми жетекшілікті жүзеге асыру туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
----	---	---	--

» ;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

8.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
----	---	--	--

» ;

9-кіші бөлімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, бағдарламалар бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының қызметі үшін:»;  
реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдары үшін ғылыми дәрежелері және атақтары бар, әскери (арнайы) атағы полковниктен төмен емес оқытушылардың үлесі 100%-нан кем болмауы	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
----	--	---	--

» ;

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

10.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектілерінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес)	
-----	---	--	--

» ;

10-кіші бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«

10. Философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін бере отырып, докторантур бағдарламалары бойынша жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау жөніндегі білім беру ұйымдарының және ғылыми ұйымдардың қызметі үшін:

1.	Оқу жұмыс жоспарларының үлгілік оқу жоспарларына сәйкестігі	Білім беру ұйымының басшысы бекіткен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес әзірленген оқу жұмыс жоспарларының көшірмесі	
2.	Ғылыми дәрежелері және атақтары бар оқытушылардың үлесі штаттағы оқытушылар саны кемінде 100 %; «Өнер» мамандықтарының тобы үшін, оның ішінде құрметті атақтары және Қазақстан Республикасының	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер	

	мемлекеттік наградалары бар оқытушылар саны кемінде 100 %	нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
3.	Дәрежелері бар шетелдік ғалымдардың болуы: (PhD) философия докторы - кемінде біреу; тиісті мамандық бейіні бойынша доктор - кемінде біреу	Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 1-қосымшаға сәйкес нысаны бойынша)	
4.	Тиісті даярлық мамандықтары бойынша шетелдік ғалымдармен келісімдердің болуы	Шетелдік ғалымдармен келісімдердің көшірмелері	Шетел тілінде жасалған келісімдер ұсынылған жағдай , олардың мемлекеттік немес орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру тала етіледі
5.	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес бакалавриаттың және магистратураның кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыру	Бакалавриат және магистратура мамандықтары бойынша лицензиялардың болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-н пайдалана отырып тексерілед
6.	Ұйымдармен және кәсіпорындармен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге шарттардың болуы	Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар жүргізуге ұйымдармен және кәсіпорындармен шарттардың көшірмелері (осы біліктілік талаптарына 17-қосымшаға сәйкес Үлгілік шарт нысаны бойынша)	
7.	Докторантура бағдарламаларын іске асыратын аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен және (немесе) ғылыми ұйымдармен ғылыми алмасу туралы шарттардың болуы	Аккредиттелген шетелдік жоғары оқу орындарымен ғылыми алмасу туралы шарттардың көшірмелері Шетелдік жоғары оқу орнының тиісті бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің көшірмелері	Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайд олардың мемлекеттік немес орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру тала етіледі
8.	Тиісті ғылыми даярлық мамандықтары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми-әдістемелік, клиникалық, эксперименталдық және материалдық-техникалық базалардың болуы	Сұратылып отырған мамандық бейініне сәйкес ғылыми-зерттеу институтының, клиникалық базасының , ғылыми зертханасының, техникалық паркінің, бизнес-инкубатордың болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
	Докторантура мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті ақпараттық желілерге қолжетімді компьютерлік	Компьютерлік сыныптардың, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің болуы туралы	

9.	сыныптармен, тиісті мамандық бойынша электрондық дерекқоры бар кітапханалық қормен жаратқандырылуы, ғылыми зертханалардың және мультимедиалық оқу материалдарының болуы	ақпараттар қамтылған оқу процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
10.	Практика базалары ретінде айқындалған ұйымдармен, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту үшін шарттардың болуы	Сұратылып отырған мамандыққа сәйкес практика базалары ретінде айқындалған, оның ішінде шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтетін ұйымдармен шарттардың көшірмелері	Шетел тілінде жасалған шарттар ұсынылған жағдайд олардың мемлекеттік немес орыс тіліне аударылып, нотариалды расталған аудармасын қоса беру тала етіледі
11.	Білім алушыларға медициналық қызмет көрсетудің болуы	Медициналық пунктiнiң болуы және медициналық қызметке лицензияның нөмірі туралы ақпаратты қамтитын медициналық қызмет көрсетудің болуы туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Лицензиялардың мәртебесі Е-лицензиялау» МДҚ АЖ-н пайдалана отырып тексерілед
12.	Білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің болуы	Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келетін тамақтандыру объектісінің болуы туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	
13.	Білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығында тиесілі материалдық және материалдық емес активтердің болуы	Пайдалы оқу алаңы, материалдық - техникалық базасы мен техникалық оқу құралдары туралы мәліметтер нысаны (осы біліктілік талаптарына 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша)	Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқығы және оны техникалық сипаттамасы туралы ақпарат деректерді Жылжымайтын мүлік тіркел » МДҚ АЖ-дан алуға болға жағдайда ұсынылмайды.

		Ғимараттарға шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері	
--	--	--	--

»;

көрсетілген біліктілік талаптарына 2-қосымша осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;  
көрсетілген біліктілік талаптарына 6-қосымша осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;  
көрсетілген біліктілік талаптарына 15-қосымша осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;  
көрсетілген біліктілік талаптары осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес 17-қосымшамен толықтырылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін осы қаулының 1-тармағының 5) тармақшасын және 2-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

27

мамырдағы

№

549

қаулысымен

бекітілген

**«Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақстан Республикасының білім, ғылым органдарынан және оқу орындарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым



министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтініштерді қабылдау көрсетілетін қызметті беруші, сондай-ақ [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

## 2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; портал арқылы – бір жұмыс күні ішінде;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: электронды (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіде – «апостиль» мөртаңбасы қойылған дайын құжаттарды қағаз жеткізгіште беру;

2) порталда – өтініштің қабылданғанын растау бөлігінде ақпарат алу және құжаттарды апостильдеу күнін, уақытын белгілеу.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес мемлекеттік баж төленген күнге белгіленген 0,5 айлық есепті көрсеткішті құрайтын мемлекеттік баж алынады.

Мемлекеттік бажды төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Портал арқылы төлем «электронды үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне

сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін ;

2) портал – тәулік бойы (жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда).

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге: апостильдеуге ұсынылатын құжат (түпнұсқа); мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек (түпнұсқа); көрсетілетін қызметті алушының жеке басын растайтын құжат (көшірмесі).

2) порталға : көрсетілетін қызметті алушының электрондық-цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электронды құжат нысанындағы сұрау салу; апостиль қою үшін ұсынылған құжаттың электрондық көшірмесі.

Жеке басын растайтын құжаттар, бюджетке мемлекеттік баж ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда, төлем туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен расталған электронды құжаттар нысанында алады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Министрлік басшысының не оны алмастырушы адамның немесе көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімін және орнын көрсете отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) тіркелуі оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға

ж а т а д ы .

Портал арқылы шағымды қарау тәртібі туралы ақпаратты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны б о й ы н ш а а л у ғ а б о л а д ы .

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинеті» арқылы көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отыратын өтініш туралы ақпарат қолжетімді б о л а д ы .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

- 1) Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz) интернет ресурсында;
- 3) порталдың [www.egov.kz](http://www.egov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған.

13. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электронды нысанда алуға мүмкіндігі бар.

14. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинет», көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы ар қ ы л ы а л у ғ а м ү м к і н д і г і б а р .

15. Көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтерінің байланыс телефондары көрсетілетін қызметті берушінің [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz) интернет-ресурсында орналастырылған, сондай-ақ бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

## **«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметі беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – орталық) арқылы;

2) Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) орталыққа жүгінген кезде:  
көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 4 (төрт) айдан аспайды;

құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минуттан аспайды;

2) ХҚО-ға жүгінген кезде:

көрсетілетін қызметті алушы қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап – 4 (төрт) айдан аспайды (құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді);

құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минуттан аспайды;

көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы қағаз жеткізгіштегі куәлік.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету құнын «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кеткен шығындарды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен келісім бойынша орталық айқындайды және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген интернет-ресурсқа орналастырады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет құнын төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі:  
орталыққа жүгінген кезде:

құжаттарды қабылдау: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін);

мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін (үзіліс сағат 13.00-ден 14.30 - ға дейін).

Көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала жазу және оған жеделдетіп қызмет көрсету қарастырылмаған;

ХҚО-ға жүгінген кезде: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбі аралығында, түскі үзіліссіз, сағат 09.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау «электронды» кезек тәртібімен, жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, портал арқылы кезекті брондауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:  
орталыққа:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініш;

2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады);

3) білім туралы құжатқа мынадай ақпараттары бар қосымшаның түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады): оқу пәндерінің тізбесі, өтілген оқу пәндері мен практикаларының сағат/кредит көлемі, алған қорытынды бағалары, курстық және оқу бітіргендегі біліктілік жұмыстары, басқа да оқу процесін құрайтын қосымша (бар болған жағдайда);

4) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмесі (білім туралы құжаттың және оған қосымшаның мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге);

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген білім туралы апостильденген не заңдастырылған құжаттарын немесе оқығанын және білім туралы құжат алғанын растайтын оқу орнынан мұрағаттық анықтама ұсынады;

5) білім туралы құжат иесінің жеке басын растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар үшін білім туралы құжат иесінің жеке басын растайтын құжаттың нотариалды расталған көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге).

Егер білім туралы құжат иесі оны алғаннан кейін тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстырса, тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстырғаны туралы немесе неке туралы немесе некені бұзу туралы акт жазбасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуы қажет (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады);

6) оқу орнының мөрімен расталған білім туралы құжатты (негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды қоспағанда) берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің және/немесе лицензияның көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге). Оқу орнының лицензиясының және/немесе аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесі болмаған жағдайда, білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы туралы ақпаратты (сайттарға немесе басқа да дереккөздерге сілтеме жасай отырып) ұсыну қажет;

7) уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаты (салыстыру үшін) және өкілдікке өкілеттілікті куәландыратын құжат – көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде;

8) төлем туралы түбіртек.

Х Қ О - ғ а :

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша білім туралы құжаттарды тану/нострификациялау туралы өтініш;

2) білім туралы құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады);

3) білім туралы құжатқа мынадай ақпараттары бар қосымшаның түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады): оқу пәндерінің тізбесі, өтілген оқу пәндері мен практикаларының сағат/кредит көлемі, алған қорытынды бағалары, курстық және оқу бітіргендегі біліктілік жұмыстары, басқа да оқу процесін құрайтын қосымша (бар болған жағдайда);

4) білім туралы құжаттың және оған қосымшаның нотариалды куәландырылған көшірмесі (білім туралы құжаттың және оған қосымшаның мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге).

Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген білім туралы апостильденген не заңдастырылған құжаттарын немесе оқығанын және білім туралы құжат алғанын растайтын оқу орнынан мұрағаттық анықтама ұсынады;

5) Қазақстан Республикасының резиденті емес тұлғалар үшін білім туралы құжат иесінің жеке куәлігінің немесе паспортының нотариалды расталған көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге).

Егер білім туралы құжат иесі оны алғаннан кейін тегін, атын немесе әкесінің атын ауыстырса, тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны туралы немесе неке туралы немесе некені бұзу туралы акт жазбасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуы қажет (түпнұсқа салыстыру үшін, қайтаруға жатады);

б) білім туралы құжатты (оқу орнының мөрімен расталған негізгі орта, жалпы орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттарды қоспағанда) берген оқу орнын аккредиттеу туралы куәліктің және/немесе лицензияның көшірмесі (мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармасымен бірге). Оқу орнының лицензиясының және/немесе аккредиттеу туралы куәлігінің көшірмесі болмаған жағдайда, білім туралы құжат берген білім беру ұйымы туралы ақпаратты (сайттарға немесе басқа да дереккөздерге сілтеме жасай отырып) ұсыну қажет;

7) уәкілетті өкілдің жеке басын куәландыратын құжаты (салыстыру үшін) және өкілдікке өкілеттілікті куәландыратын құжат – көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүгінген кезде;

8) төлем туралы түбіртек.

ХҚО арқылы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ХҚО ұсынған нысан бойынша ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісім береді.

Мемлекеттік ақпарат жүйелерінде қамтылған жеке басын куәландыратын

құжаттар, неке туралы немесе оны бұзу туралы куәліктер (2008 жылдан кейін берілген) туралы мәліметтерді ХҚО уәкілетті тұлғаның электронды цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжаттар нысанында ХҚО ақпараттық жүйелері арқылы тиісті мемлекеттік ақпарат жүйелерінен алады.

Құжаттарды қабылдау кезінде ХҚО қызметкері құжаттардың түпнұсқасын мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылған мәліметтермен және құжаттардың жасалған электрондық көшірмелерімен салыстырады, содан кейін түпнұсқаларды көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және (немесе) олардың қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Министрлік басшысының не оны алмастырушы адамның атына жазбаша түрде беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі және орны көрсетіліп, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің басшысына жолданады.

ХҚО қызметкері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша ХҚО басшысының атына беріледі.

ХҚО кеңсесіне қолма-қол және почта арқылы түскен шағымның қабылдануын растау оның тіркелуі (шағымның екінші данасында немесе шағымға ілеспе хатта мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркелген күні қойылады)



болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шара қабылдау үшін ХҚО басшысына жолданады.

Сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің, ХҚО қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі туралы ақпаратты осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 16-тармағында көрсетілген мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы алуға болады.

Көрсетілетін қызметті алушының Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің немесе ХҚО-ның атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады. Шағымның қаралу нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің немесе ХҚО кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

13. Денсаулық жағдайына байланысты ХҚО-ға жеке өзінің келу мүмкіндігі жоқ көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қабылдауды ХҚО қызметкерлері (қағаз түрінде толтырылған жағдайда) көрсетілетін қызметті алушының тұратын жеріне бару арқылы жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің: [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz);

2) орталықтың: [www.naric-Kazakhstan.kz](http://www.naric-Kazakhstan.kz);

3) ХҚО-ның: [www.con.gov.kz](http://www.con.gov.kz) интернет-ресурстарында орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай

байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414

«Білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына

1-қосымша

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрлігі

Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің төрағасына

кімнен:

тегі, аты әкесінің аты (бар болса)

көрсетіледі

мекенжайы

байланыс телефоны

ұйымның телефоны/факсы

Жұмыс немесе оқу орны

## Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

берген

құжатты берген білім беру ұйымы көрсетіледі

құжатты

аттестат, диплом, куәлік көрсетіледі

сұраймын.

тану, нострификациялау көрсетіледі

Оқыған елі \_\_\_\_\_

көрсетіледі

Халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің менің атымнан ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия жеке мәліметтерді пайдалануына, осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін электронды құжат нысанындағы сұрау салуға қол қоюына, сондай-ақ осы мемлекеттік қызметті көрсету шеңберінде мен ұсынған құжаттардың түпнұсқаларынан электрондық көшірмелерін растауына келісім беремін.

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

\_\_\_\_\_ ж е к е қ о л ы

-----  
с е н і м д і а д а м н ы ң қ о л ы

-----  
н е г і з і

-----  
к ү н і

Ескертпе \* Өтініш иесі ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына жауапты болады.

«Білім туралы құжаттарды  
тану және нострификациялау туралы»  
мемлекеттік көрсетілетін  
қызмет стандартына  
2-қосымша

-----  
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса) (бұдан әрі-Т.А.Ә.)  
немесе ұйымның атауы)

-----  
(көрсетілетін қызметті алушының мекенжайы)

### **Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат**

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Халыққа қызмет көрсету орталығы» (мекенжайын көрсету) РМК филиалының № \_\_\_\_\_ бөлімі \_\_\_\_\_ (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбауыңызға байланысты мемлекеттік қызметті көрсетуге құжаттарды қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

Ж о қ к ү ж а т т а р д ы ң а т а у ы :  
1) \_\_\_\_\_;  
2) \_\_\_\_\_;  
3) ....

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалған.

Т.А.Ә. (бар болса) (ХҚО қызметкері) (қолы)

Орындаушы: Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Т е л . \_\_\_\_\_

Алдым: \_\_\_\_\_

(көрсетілетін қызметті алушының Т.А.Ә./қолы

«\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ ж.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2014 жылғы 27 мамырдағы

№ 549 қаулысымен

бекітілген

## **«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап: ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын жеке

тұлғалар – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ғылыми ұйымдармен, жоғары оқу орындарымен еңбек қатынастарында тұратын ғылыми, инженерлік-техникалық және өзге де қызметкерлер, сондай-ақ ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті дербес жүзеге асыратын ғалымдар – күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде;

заңды тұлғалар – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар – күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде;

2) құжаттар топтамасын тапсыру кезінде кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 25 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 25 минут.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы куәлік.

7. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

8. Көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағ. 9.00-ден 18.00 дейін.

Алдын ала жазылу және жеделдетіп қызмет көрсету қарастырылмаған.

9. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) жеке тұлғалар:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке куәліктің, жоғары білім туралы дипломның, магистр дипломының, ғылыми дәреже беру туралы дипломның, ғылыми атақ беру туралы аттестаттың (дипломның) нотариалды расталған көшірмелері;

2) заңды тұлғалар:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субъектінің рейтингтік парағы;

құрылтай құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері: ұйым жарғысы, ұйымды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік немесе анықтама, ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

рейтингілік парақта көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін шағым жазбаша түрде:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының не оны алмастырушы адамның атына ;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі .

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөнін, берілген шағымға жауап алу мерзімін және орнын көрсете отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) тіркелуі оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады .

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

#### 4. Мемлекеттік қызметті көрсету

##### ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайлары:

1) Министрліктің: [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz);

2) көрсетілетін қызметті берушінің [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz)

интернет-ресурстарында орналасқан.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 74-23-66, 8 (7172) 74-23-99. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-777, 1414.

« Ғ ы л ы м и ж әне ( н е м е с е )  
ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ қ ы з м е т т і н  
с у б ь е к т і л е р і н а к к р е д и т т е у »  
м е м л е к е т т і к к ө р с е т і л е т і н қ ы з м е т  
с т а н д а р т ы н а  
1-қосымша

#### Аккредиттеу туралы куәлік

Астана қаласы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ ж.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабына сәйкес

(заңды тұлғаның атауы/ жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты  
( б а р б о л с а )

ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттеледі. Куәлік Қазақстан Республиканың мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет конкурсына қатысу үшін беріледі.

У ә к і л е т т і о р г а н

М.О.

Серия \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

« Ғ ы л ы м и ж әне ( н е м е с е )

ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ қ ы з м е т т і н

субъектілерін  
мемлекеттік  
стандартына  
2-қосымша

көрсетілетін

аккредиттеу»  
қызмет

кімге  
кімнен

тегі, аты,  
(бар болса)

-----  
-----  
әкесінің

-----  
-----  
аты

### Өтініш

**(жеке тұлғалар үшін)**

Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде

аккредиттеу өткізуді сұраймын.

қосымша:

№	Құжаттың атауы	Бар екендігі туралы белгі
1	Жеке куәліктің, жоғары білім туралы дипломның; магистр дипломының; ғылыми дәреже беру туралы дипломның; ғылыми атақ беру туралы аттестаттың (дипломның) нотариалды расталған көшірмелері.	

20 \_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(Қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

« Ғ ы л ы м и және ( немесе )

Ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ

қ ы з м е т т і ң

с у б ъ е к т і л е р і н

а к к р е д и т т е у »

м е м л е к е т т і к

к ө р с е т і л е т і н

қ ы з м е т

с т а н д а р т ы н а

3-қосымша

кімге

кімнен

(субъектінің

-----  
-----  
т о л ы қ

-----  
-----  
а т а у ы )

### Өтініш

**(заңды тұлғалар үшін)**

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде \_\_\_\_\_



аккредиттеу өткізуді сұраймын.

Қосымша:

Р/с №	Құжаттың атауы	Бар екендігі туралы белгі
1.	Субъектінің рейтингтік парағы.	
2.	Құрылтай құжаттарының нотариалды расталған көшірмелері: ұйым жарғысы, ұйымды заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, ұйымның бизнес-сәйкестендіру нөмірі.	
3.	Рейтингтік парақта көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттардың көшірмелері.	

20\_\_ ж. «\_\_» «\_\_\_\_\_»

Б а с ш ы

(Мөр орны) (Қолы) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

« Ғ ы л ы м и ж әне ( н е м е с е )

Ғ ы л ы м и - т е х н и к а л ы қ

Қ ы з м е т т і н

с у б ь е к т і л е р і н

а к к р е д и т т е у »

м е м л е к е т т і к

к ө р с е т і л е т і н

Қ ы з м е т

с т а н д а р т ы н а

4-қосымша

**Субъектінің рейтингтік парағы**

**(заңды тұлғалар үшін)**

**(субъектінің атауы, заңды мекенжайы, телефон, факс, құрылған жылы, web-сайт, e-mail)**

Р/с №	Көрсеткіштердің мазмұны
	1-блок. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет (мемлекеттік, салалық және нысаналы бағдарламаларға сәйкес)
1.	ҒЗЖ - на қаржыландырудың жалпы көлем 5 0 0 0 А Е К - к е д е й і н . . . . . 5 0 0 0 - 2 5 0 0 0 А Е К - к е д е й і н . . . . . 25000 АЕК-тен жоғары.....
2.	Инновациялық жобалардың саны.....
3.	Басқа ғылыми ұйымдардың материалдары бойынша рецензиялардың сан - аяқталған ҒЗЖ туралы есеп..... - аралық ҒЗЖ туралы есеп..... - монография, о қ у л ы қ . . . . .

	- әдістемелік, нормативтік, директивалық құжаттар, диссертациялардың авторефераты.....(канд./док - ақпараттық парақ, мақала және т.б.,.....
4.	Қазақстан Республикасы Заңының жобалары бойынша жүргізілген ғылыми сараптамалардың саны.....
	ЖИЫНЫ:
	2-блок. Ғылыми әлеуеттің сапалық және сандық көрсеткіштері
5.	Диссертациялық кеңестердің саны - философия докторы (PhD) ... - бейіні бойынша доктор.....
6.	Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер саны - ғылым докторы ..... - ғылым кандидаты ..... - философия докторы (PhD) ... - бейіні бойынша доктор.....
7.	Ғылыми дәреже алуға (ҒҰ қызметкерлерінің басшылығымен) Қазақстан Республикасының басқ ұйымдарының ізденушілері қорғаған (КСРО ЖАҚ, ҚР ЖАҚ және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағ бақылау комитеті бекіткен) диссертациялардың саны - философия докторы (PhD) ... - бейіні бойынша доктор.....
8.	Субъектілер кеңесінде азаматтар қорғаған диссертациялардың саны - алыс шетел азаматтары ..... -ТМД азаматтары.....
9.	Ғылыми дәрежесін алуға диссертациялар бойынша рецензиялардың саны - философия докторы (PhD) ... - бейіні бойынша доктор...
10.	Диссертациялар субъектісі қызметкерлерінің оппонент болу саны - философия докторы (PhD) ... - бейіні бойынша доктор.....
11.	Ұлттық ғылыми кеңес құрамындағы ғылыми қызметкерлер саны:
12.	Біліктілігін арттыру курстарынан өткен қызметкерлердің саны - халықаралық деңгейде..... - республикалық деңгейде.....
13.	Қызметінің бағыты бойынша ғылыми ұйымның жанындағы курстарда, семинарларда, циклдерде оқиты ғылыми қызметкерлердің саны.....
14.	Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған тиісті жабдығы бар зертханалардың са - зерттеу жұмыстарына арналған зертхананың болуы..... - сертификатталған немесе аттестатталған (аккредиттелген) зертхананың болу - халықаралық деңгейдегі..... - республикалық деңгейдегі.....
15.	Сертификатталған немесе аттестатталған талдау, бақылау және т әдістемелердің саны - халықаралық деңгейде..... - республикалық деңгейде.....
	ЖИЫНЫ:
	3-блок. Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелері
16.	Өнертабысқа алынған патенталды құжаттар саны.....
17.	Оң шешім алған патенталдылардың саны.....
18.	Өнертабысқа берілген өтінімдер саны.....
19.	Зияткерлік меншік объектісін тіркеу туралы алынған куәліктердің саны.....

20.	Мерзімді басылымдардағы мақалалардың, шолулардың сан - алыс шетелдерде..... - жақын шетелдерде..... - Қазақстанда.....(ҚР БҒМ БҒСБК ғылыми басылымдарының бекітілген тізбесінде)
21.	Б а с п а қ ы з м е т і Б а с п а д а н ш ы қ қ а н - монографиялар..... - оқулықтар..... - оқу құралдары, әдістемелік құжаттар көрсеткіштері..... - ақпараттық парақтар, басқа басылымдар саны.....
22.	Съездерге, конференцияларға және т.б. дайындалған баяндамалардың сан - халықаралық деңгейдегі..... - республикалық деңгейдегі..... - өңірлік деңгейдегі.....
23.	Съездерде, конференцияларда басып шығарылған баяндама тезистерінің сан - халықаралық деңгейдегі..... - республикалық деңгейдегі.....
	ЖИЫНЫ:
	4-блок. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу
24.	Әзірленген бағдарламалар саны.....
25.	Әзірленген және бекітілген директивалық, нормативтік құжаттар саны.....
26.	Жоғары тұрған инстанцияға дайындалған ресми анықтамалар саны:
27.	Жоғары тұрған органдарға ғылыми ұйым қызметінің жекелеген бағыттарын реформалау жөнінде дайындалғ және ұсынылған құжаттардың сан - өз бетінше..... - басқа органдармен және мекемелермен авторлықта.....
	ЖИЫНЫ:
	5-блок. Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері (ұйымдардың бухгалтерлік балансы қоса беріледі)
28.	Негізгі қаражаттың өсімі +/ - 5 % ..... - 10 % ..... - 20%.....
29.	Игерілген қаражаттың орташа жылдық құн - 10000 АЕК-ке дейін..... - 10000-нан 20000 АЕК-ке дейін..... - 20000 АЕК-тен жоғары.....
30.	Жоспардан ауытқу +/ - 5 % ..... - 10 % ..... - 20%.....
	ЖИЫНЫ:
	6-блок. Қоғамдық іс-шараларға қатысу және БАҚ
31.	Халықаралық деңгейдегі съездердің, конференциялардың, симпозиумдардың, семинарлардың жұмысын қатысатын қызметкерлер сан - төраға..... - ұйымдастыру комитетінің мүшесі..... - бағдарламалық баяндама..... - сөз сөйлеу, стендтік баяндама.....

32.	Өңірлік деңгейдегі съездердің, конференциялардың, симпозиумдардың, семинарлардың жұмысын қатысушылардың саны - төраға..... - ұйымдастыру комитетінің мүшесіне..... - бағдарламалық баяндама..... - сөз сөйлеу, стендтік баяндама.....
33.	Халыққа арнап теледидарда, радиода сөз сөйлеу, лекция оқу саны.....
34.	Тұрақты жұмыс істейтін түрлі комитеттерге, кеңестерге, қауымдастықтарға, академияларға және т.б. мүшелі халықаралық деңгейде..... - республикалық деңгейде.....
ЖИЫНЫ:	
7-блок. Жақын және алыс шетелдердегі ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық	
35.	Ашылған жаналықтарды беруге жасалған лицензияланған келісімдердің саны.....
36.	Шығармашылық ынтымақтастық, ғылыми жетістіктерді енгізу туралы жасалған шарттардың саны шетелдік мекемелермен..... - республикалық мекемелермен.....
37.	Қызметкерлер әзірлеген, енгізген ғылыми-техникалық өнертабыстардың саны шетелдік мекемелерде..... - республикалық мекемелерде.....
38.	Мыналарды : халықаралық деңгейін..... - республикалық, өңірлік деңгейін көрсететін қойылған экспонаттар саны.....
39.	Нағдалар, сыйлықтар саны - халықаралық деңгей (медаль, орден, мемлекеттік сыйлық)..... - республикалық деңгейде (медаль, орден, мемлекеттік сыйлық)..... - халықаралық және өңірлік деңгейде (белгі, грамота, марапаттау қағаздары, атақ).....
ЖИЫНЫ:	
БАРЛЫҒЫ:	

Субъектінің рейтингін анықтау үшін жоғарыда келтірілген деректердің дұрыстығын растаймын

Басшы

М.О. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ қолы, тегі, аты, әкесінің аты

(бар болса)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

\* АЕК - айлық есеп көрсеткіші

\* ҒЗЖ - ғылыми-зерттеу жұмысы

\* КСРО ЖАК - КСРО Жоғары аттестаттау комитеті

\* ҚР БҒМ БҒСБК – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым

министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2014

жылғы

27

мамырдағы

## **«Қазақ тілін білу деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. «Қазақ тілін білу деңгейін бағалау (ҚАЗТЕСТ)» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштер қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

### **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын көрсетілетін қызметті берушіге тапсырған сәттен бастап – 3 (үш) сағат;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін кезек күтудің рұқсат етілген ең ұзақ у а қ ы т ы – 2 0 м и н у т ;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ у а қ ы т ы 2 5 м и н у т т а н а с п а й д ы ;

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік стандарттарына сәйкес қазақ тілін меңгеру деңгейлерінің бірі: қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлері бойынша тілді меңгергендігін растайтын мемлекеттік сертификат.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету құнын «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Министрлік айқындайды және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында о р н а л а с а д ы .

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет құнын төлеу қолма-қол және қолма-қол

ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер, банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

8. Көрсетілетін қызмет берушінің жұмыс кестесі: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығында көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін.

Алдын ала жазылу осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайы бойынша жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушыға жедел қызмет көрсету қарастырылмаған.

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжатының түпнұсқасы;
- 2) төлем туралы түбіртек;
- 3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтініш бланкісі.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызмет берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік қызмет стандартының 12-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша Министрлік басшысының, оны алмастырушы адамның не көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде беріледі.

Шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімін және орнын көрсете отырып, шағымның көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде (мөртаңба, кіріс нөмірі мен күні) тіркелуі оның қабылдағанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны анықтау және тиісті шаралар қабылдау үшін көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің басшысына жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға

ж а т а д ы .

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға өтінішпен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күн ішінде қарауға жатады.

11. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте сотқа жүгінуге құқылы.

#### **4. Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар**

12. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:

1) көрсетілетін қызметті берушінің: [info@kazakhtest.kz](mailto:info@kazakhtest.kz);

2) Министрліктің: [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz); [www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz)

интернет-ресурстарында орналасқан.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы «жеке кабинеті», көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметінің байланыс телефондары: 8 (7172) 51-83-06, 8 (7172) 51-83-10. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс-орталығы: 8-800-080-777, 1414.

«Қ а з а қ т і л і н б і л у д еңг ей і н  
б ағ а л а у ( Қ А З Т Е С Т )»

м е м л е к е т т і к к ө р с е т і л е т і н

қ ы з м е т с т а н д а р т ы н а

1-қосымша

Өтінішті

толтырған

күні

---

#### **ӨТІНІШ**

**Қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесі – ҚАЗТЕСТ бойынша  
тестілеу**

**(қызмет түрі)**

1. Тестіленушінің Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болса)

2. Ұлты \_\_\_\_\_

3. Туған жылы \_\_\_\_\_

4. Жұмыс орны, лауазымы \_\_\_\_\_

5. Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

6. Тестілеу түрі:

Деңгейді анықтау: Деңгейді бағалау:

Жалпы меңгеру  Қарапайым   
Базалық   
Орта   
Ортадан жоғары

Жоғары

7. Сынақтан өткен мерзімі, уақыты:

Күні  Айы  Жылы   
 сағат  минут

Ескертпе \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Өтінішті қабылдаған қызметкер \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә. (әкесінің аты бар болса)

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 27 мамырдағы

№ 549 қаулысымен

бекітілген

**«Білім беру қызметіне лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

**1. Жалпы ережелер**



1. «Білім беру қызметіне лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны беру, қайта ресімдеу, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің аумақтық білім саласындағы бақылау департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру [www.e.gov.kz](http://www.e.gov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы, [www.elicense.kz](http://www.elicense.kz) «Е-лицензиялау» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Қорғаныс, Ішкі істер, Төтенше жағдайлар министрліктеріне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігіне (қаржы полициясы) ведомстволық бағынысты негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметті алу үшін өтініштерін қабылдау көрсетілетін қызмет берушілердің интернет-ресурстарында ([www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz), [www.educontrol.kz](http://www.educontrol.kz)) көрсетілген мекенжайлар бойынша қағаз түрінде жүргізіледі.

## **2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі**

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) порталда көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап:  
лицензияны және/немесе оған қосымшаны беру – 15 (он бес) жұмыс күні  
і ш і н д е ;

лицензияны немесе оған қосымшаны қайта ресімдеу – 10 (он) жұмыс күні  
і ш і н д е ;

лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқасын беру – 2 (екі)  
ж ұ м ы с к ү н і і ш і н д е .

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (толық автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» жіберілген

көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында берілген лицензия және/немесе оған қосымша, қайта ресімделген лицензия және/немесе оған қосымша, лицензияның және/немесе оған қосымшаның телнұсқалары немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде және тегін көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінің 471-бабына сәйкес бюджетке жекелеген қызмет түрімен айналысу құқығына лицензиялық алым төленеді:

1) лицензияны беру кезінде төленетін лицензиялық алым 10 (он) айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК) құрайды;

2) лицензияны қайта ресімдеу кезінде лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 1 (бір) АЕК;

3) лицензияның телнұсқаларын беру үшін лицензиялық алым – төлеу күніне белгіленген 10 (он) АЕК.

Лицензиялық алым төлеу қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар немесе «электрондық үкіметтің» төлем шлюзі арқылы жүзеге асырылады.

«Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 44, 47-1-баптарына сәйкес лицензияға қосымшаны, лицензияға қосымшалардың телнұсқаларын берген кезде, берілген лицензияда және/немесе лицензияға қосымшада қателер табылған және тиісті түзетулер енгізілген жағдайларда лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны берген кезде мемлекеттік қызмет көрсетілгені үшін ақы алынбайды.

8. Порталдың жұмыс кестесі - тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушылардың өтініштерін порталда тіркеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні жүргізіледі.

9. Порталға көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші;

жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның

бюджетке төленгені туралы мәлімет;  
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес  
толтырылған мәліметтер нысаны мен құжаттардың сканерленген көшірмелері  
түрінде білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік  
талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес  
мәліметтер мен құжаттар;

2) лицензияға қосымшаларды алу үшін:  
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес  
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат  
нысанындағы лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны алу үшін заңды  
тұлғаның өтініші;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес білім  
беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына және  
оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкес толтырылған  
мәліметтер нысаны мен құжаттардың сканерленген көшірмелері түріндегі  
мәліметтер мен құжаттар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын  
іске асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа біліктіліктер  
бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым  
саласындағы бақылау комитетінің аумақтық білім саласындағы бақылау  
департаменттерін көрсетіп, сұратылатын әр біліктілік бойынша жеке жүргізіледі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске  
асыратын көрсетілетін қызметті алушылар өздері үшін жаңа мамандықтар  
бойынша лицензияға қосымшаны алған кезде порталда құжаттарды беру  
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым  
саласындағы бақылау комитетін көрсетіп, сұратылатын әр мамандық бойынша  
жеке жүргізіледі.

3) лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:  
осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес  
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат  
нысанындағы лицензияны және/немесе лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге  
заңды тұлғаның өтініші; лицензияны және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу  
үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәлімет;

4) лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқаларын алу  
үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес  
көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат  
нысанындағы лицензияның және/немесе лицензияға қосымшаның телнұсқасын

алу үшін заңды тұлғаның өтініші;  
лицензияның телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы мәлімет (лицензияның телнұсқасын берген кезде).

Көрсетілетін қызметті алушы заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы, лицензиялау туралы мемлекеттік ақпараттық жүйелердегі құжаттардың мәліметтерін мемлекеттік органдардың уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.  
10. Мыналар :

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін тыйым салынған қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуы;
- 2) қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның енгізілмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға лицензия берудің келісуші мемлекеттік органмен келісілмеуі;
- 5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оған қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;
- 6) сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер болып табылады.

### **3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органның, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша Министрлік, көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына жазбаша түрде беріледі.

